

1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.



128

2. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

_____ тістер
 _____ тістер
 _____ тістер
 _____ тіс
 _____ тіс

3. Тыңдаңыз, жазыңыз.

Қай тісіңіз ауырып тұр?
 Азу тісім ауырып тұр.

Тісіңіз қалай ауырып тұр?
 Қақсап тұр.

Ауыз қуысын/ қызылиекті шайдыңыз ба?
 Иә, тұзды сумен шайдым.

Қатты ауырып тұр ма?
 Иә, ауырып тұр. Ауырсынуды басатын
 дәрі бар ма?
 Қазір, беремін. Тісіңізді емдеу керек.

129

21-САБАҚ

4. Берілген сөз орамдарының көмегімен сұқбаттасыңыз.

Қай тісіңіз солқылдайды?

Тісіңізді емдеу керек.

Ауыз қуысын емдеймін.

Қызылиекті шайыңыз.

Тұзды сумен шайдыңыз ба?

Тісіңізді жылы ұстаңыз.

Түнде тісіңіз қақсай ма?

5. Үлгінің көмегімен тиісті жалғауларды жалғаңыз.

тіс+ті жұлу

тіс+ _____ емдеу

ауыз қуысы+ _____ тазалау

ауырсыну+ _____ басатын дәрі

қанқұрт+ _____ тазалау

қызылиек+ _____ емдеу

ауыз+ _____ сумен шаю

Табыс септігі
(нені?)

-ды, -ді

-ты, -ті

III жақ+ **ын, -ін**

Мысалы: тіс+**ті**

жақ+**ты**

көз+**ді**

130

21-САБАҚ

6. Оқыңыз, есте сақтаңыз.

тұзды сумен шаю

тісті тазалау

ауызқуысын емдеу

ауырсынуды басатын дәрі ішу

қанқұртын тазалау

қызылиекті шаю

керек

7. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.



1. тұзды сумен _____ ;
2. тісті _____ ;
3. ауызқуысын _____ ;
4. ауырсынуды басатын дәрі _____ ;
5. қызылиекті _____ ;
6. 2 сағаттан кейін тамақ _____ ;
7. тампонды 15 минут _____ ;
8. тісіңізді жылы _____ ;
9. жылына 2 рет тіс дәрігеріне _____ ;
10. тәттіні аз _____ ;

131

21-САБАҚ

8. Оқыңыз, есте сақтаңыз.

- Сәлеметсіз бе!
- Қайырлы таң, дәрігер!
- Қандай сұрақпен келдіңіз?
- Тісім ауырып тұр.
- Қалай ауырады?
- Солқылдап ауырады.
- Аузыңызды ашыңыз.
- Тісіңізді жұлу керек.
- Емдеуге бола ма?
- Жоқ, болмайды.

9. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

_____ ?
Азу тісім ауырып тұр.

_____ ?
Қақсап тұр.

_____ ?
Иә, тұзды сумен шайдым.

_____ ?
Иә, ауырып тұр.



132

21-САБАҚ

10. Сөз орамдарын оқыңыз.

Қандай шағымыңыз бар?

Қалай ауырады?

Қай кезде ауырады?

Аузыңызды ашыңыз.

Рентгенге түсіріп келіңіз.



Азу тісім ауырып тұр.

Қақсайды.

Салқын су ішкенде ауырады.

Жақсы.

11. Сұқбат бойынша дұрыс-бұрысын анықтаңыз.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
Күрек тісім ауырып тұр.		
Тісім қақсайды.		
Тісімді жуғанда ауырады.		
Рентген нәтижесі бар.		
Тісі түнде ауырады.		

133